

FTAХР 16.21.61

М.С. Жолшаева¹, Г.Ө. Мұсабек¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

«ШАРТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Бүгінгі таңда тілді зерттеу барысында оны тек сипаттап, жүйелеу жеткіліксіз. Қандай да бір тілдің табиғатын толығымен ашу үшін, тілді сипаттап, жүйелеумен қатар, адамның сөйлеу процесімен тұтастықта қарау қажеттілігі туындап отыр. Осының негізінде «адам – тіл – ойлау» үштігіне негізделген тіл білімінің антропоцентристік бағыты алдыға шығып отыр. Коммуникативтік бағыттағы зерттеулерде тілдік бірліктердің басқа деңгейдегі тілдік бірліктермен байланысы, сөйлеу кезіндегі «сөйлеуші» мен «тыңдаушының» қатысы тұрғысынан қарастырылып, зерттеледі. Дегенмен, бұл коммуникативтік бағыттағы зерттеулер тілдің құрылымдық грамматикасын басшылыққа алатындығы белгілі. Сондықтан, шарт ұғымын функционалды грамматика тұрғысынан қарастыру кезінде қазақ тіл біліміндегі зерттелуін, тілдің әр деңгейіндегі қолданылу ерекшеліктерін анықтау қажет. Мақалада әр тілдік деңгейдегі «шарттық» ұғымның қазақ тіл біліміндегі зерттелуі қарастырылған.

Түйін сөздер: шарттық қатынас, шартты рай, егеспелі сөздер, ұялас сөйлем, функционалды грамматика, функционалды-семантикалық еріс, тілдік бірлік.

Аннотация. В настоящее время описание и систематизации недостаточно для исследования языка. Нам нужно использовать целостность описания и систематизации с процессом говорения. На основе триады «человек-язык-мышление» широко распространена антропоцентрическая ориентация языковых наук. Коммуникационные ориентированные исследования охватывают взаимосвязь между языковыми единицами и другими уровнями, изучают взаимосвязь между говорящим и слушателем во время бесед. Однако очевидно, что ориентированные на коммуникации исследования руководствуются структурой грамматики языка. Поэтому, с точки зрения функциональной грамматики, необходимо определить концепцию «условности» исследование казахского языка в науке, определить особенности использование языка на всех. В этой статье были рассмотрены «условные» концепции казахского языка на разных уровнях.

Ключевые слова: условные отношения, сослагательное наклонение, конфронтационные слова, функциональная грамматика, функционально-семантическое поле, языковая единица.

Abstract. Nowadays describing and systematization are not enough to conduct researches in language. We need to use description and systematization integrity with speaking process of the human. Based on «human-language-thought» triad, anthropocentric orientation in language sciences is disseminating. Communication oriented researches cover the relationship between language units and other levels of language units, look into from the point of speaker and listener during conversations. However it is obvious that communication oriented researches are guided by the structural grammar of the language. Because of this we need to define how language is used in specific levels and how conditional concept is examined during researches. This article covers «conditional» concept at different levels in Kazakh language researches.

Key words: conditional relations, subjunctive mood, confrontation words, functional grammar, functional-semantic field, language unit.

Кез келген болмыстағы нәрсе тілде көрініс табады. Тілде көрінуі әр тілдің грамматикалық заңдылықтарына сай түрліше болып келеді. Тіл білімінде шарттық қатынас ретінде көрінетін шарттылық ұғымы да осы заңдылыққа бағынады. Шарттық қатынас туралы қазақ тілі білімінде біршама еңбектерде жалпылама түрде айтылды. Шартты райға қатысты құрылымдық аспектіде Қ.М.Есеновтің, ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисіне байланысты Р.С.Әмірдің, контекст негізінде Ж.А.Жакуповтың, прагматикалық аспектіде З.Ш.Ерназарованың, салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрылымдық, функционалдық арақатынасын ашу мақсатында С.Айтжанова, Ә.Елшібаевалардың еңбектерінде айтылды. Бұл аталғандардың барлығында дерлік, шарт басты нысан ретінде кешенді түрде зерттелмей, тек зерттеу бағыты ретінде алынды.

Шартты қатынасты көрсетудің басты жолдарының бірі – шартты рай. Қазақ тілінің морфологиясында шартты райға қатысты еңбектер бар. Шартты рай – түркі тілдеріне ортақ рай. М.Томанов түркі тілдерінде шартты райдың тек *-сар, -са, -сан* деген үш түрлі формасы бар деп көрсетеді. Ең көнесі – *-сар, -сер* формасы. Осы аталған форма V-VIII ғғ. Орхон-Енисей жазбаларында да кездеседі.

Шартты рай түркітануда мойындалғаны секілді қазақ тіл білімінде де кереғар пікір тудырмайды. Кейбір еңбектерде бұйрық, қалау, тұйық райларға байланысты пікір қайшылықтары болғанымен, дәлелдеулердің нәтижесінде тұйық рай алынып, оған арнайы «тұйық етістік» деп атау беріп, жеке қарастырылатын болды.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» атты еңбегінде шартты райға мынадай анықтама береді: «Шартты рай дейміз – істі істелуіне шарт көрсететін сөздің түрін, мәселен, берсең,

аларсың, ексең, орасың. Алуға – беру шарттығын, оруға – егу шарттығын «берсең», «ексең» деген сөздер көрсетіп тұр. Сөздің осындай түрі шартты рай болады» [1]. А.Байтұрсынов айтқан бұл пікірді шартты рай туралы айтылған ғылыми пікірлердің басы деп көрсетеміз.

Н.Т.Сауранбаевтың да шартты райға қатысты пікірлері белгілі. Ол қазақ тіліндегі шартты рай шартты ғана білдіріп қоймай, басқа да мағыналарды білдіре алатындығын айтады. Шартты райдағы етістіктер өздеріне байланысатын көмекші сөздердің әсерімен шарттықтан басқа да мағыналарды білдіре алады. Мысалы: Алсам ба, алмасам ба? Алсаң да, алмасаң да, алсамшы, алсаңшы, алмасак, алсаң-ак, алсам ғой, алсаң ғой, алсам ғана, алсам-ау, алсаң-ау, алсам игі еді, алса игі еді [2].

Келесі бір шартты рай туралы айтылған еңбектердің бірі – Ы.Е.Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» деген оқулығы. Ы.Маманов шартты райдың семантикалық ерекшелігін оның болашақта болатын істің шартымен байланысты екендігін айтады. Оның себебін ғалым өйткені шарттың тек келешекте болатын іс-әрекетке қатысты қойылатынын, ал логикалық тұрғыдан, болып кеткен іс-қимылға шарт қойылмайтындығын айтады.

Тарихи морфология тұрғысынан М.Томанов мынадай пікір білдіреді: «Шартты рай форманты *-са, -се* бір кезде түбір және *-ығ* тұлғасы туынды етістік есімнен етістік жасайтын аффикс, жай түбір етістіктің аналогиясы арқылы етістік түбірге де жалғанып, оның модальдық түрін жасайтын болған: *-ығ* фонетикалық жағынан тұрақсыз, сондықтан да ол көп түркі тілдерінде сақталмаған. Соның салдарынан *-сар* немесе *-са* аффиксі тікелей етістік түбірге жалғанатын болды» [3].

Қазақ синтаксисіндегі шарт мәнді сөйлемдер туралы тұжырымдар А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың, Н.Сауранбаевтың, С.Аманжоловтың, Қ.Есеновтың, Р.Әмірдің еңбектерімен тікелей байланысты. Жалпы тіліміздегі құрмалас сөйлемдер туралы ой-пікірлер А.Байтұрсыновтың еңбектерінен бастау алады. «Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде ғалым сабақтас құрмалас сөйлемнің 10 түрін айта отырып, олардың қатарында шартты бағыныңқы сөйлемді де кіргізеді. А.Байтұрсынов шартты бағыныңқының белгісі сұрауында емес, арасында міндетті түрде шарт болу керектігін айтады.

Қазақ тіліндегі шартты рай арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдерде қатыстық сөздердің бірге жұмсалуды туралы мәселелер Н.Сауранбаев, С.Аманжоловтардың назарынан тыс қалмаған. Бұл секілді сөйлемдерді Н.Сауранбаев «ұялас сөйлемдер» деп атайды. «Кімде кім мұның мүйізін кесіп алса, ол күшсіз болып дұшпандарын жеңе алмайды. Алдыңғы сөйлем кейінгі сөйлемдегі оқиғанының шартын білдіреді, бірақ екі сөйлем оқиға жағынан бір-біріне ұялас. Ол ұяластық 2 сөйлемнің де иесі бір ғана субъект екенінен білінеді. 1-сөйлемдегі «кім» бастауышы мен 2-сөйлемдегі «ол» бастауышы логикалық жағынан біреу-ақ, себебі

«ол» бастауышы «кім» бастауышының грамматикалық баламасы» [2,161.].

Егеспелі сөздер көп жағдайда неғұрлым-соғұрлым, қанша-сонша, кім-сол, нені-соны, қалай-солай секілді есімдіктерден жасалады. С.Аманжолов: «Бұлардың рөлі етістіктерден күшті емес, тек белгілі бір дәрежеде екі сөйлем бірін-бірі тәуелді етудегі рөлі зор. Егеспелі сөздер шартты райлы сөйлемде де көп кездеседі. Мысалы: Неғұрлым еңбек өнімді болса, соғұрлым тұрмыс жақсарады» [4].

Қ.Есенов өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» атты монографиясында шартты білдіретін шартты рай тұлғасындағы сөздер одан басқа да мағыналық белгілерді білдіре алатындығын және оны сөйлеммен тұтастықта қарастыру керектігін айтады. Қ.Есенов шартты бағыныңқылы сөйлемдерді шарт пен нәтиженің көрінуіне байланысты реалды шарт, ирреалды шарт, болжалды шарт, ауыспалы шарт деп төрт топқа жіктейді.

Қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу тіліне арналған алғашқы ғылыми еңбекті жазған Р.Әмір болды. Ғалым *-ca*, *-ce* шартты рай формасының ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданылатын грамматикалық форма деп көрсетеді. Ауызекі сөйлеу тіліндегі *-ca*, *-ce* формасы арқылы жасалатын структуралық-семантикалық типтегі сөйлемдерді «анықталма бағыныңқылы сабақтас сөйлем, себептік қатынастағы сабақтас сөйлем, қарсы мағыналас сабақтас сөйлем, эмоциялы сөйлемдер», – деп көрсетеді [5].

Қазіргі таңда тіл білімінде ерекше орын алған бағыттың бірі – функционалды грамматика. Соған сәйкес, қазақ тілінің функционалды синтаксисін контекст аясында қарастырып, докторлық диссертация жазған Ж.Жакупов күрделенген сөйлемге тән жартылай предикативтілік дегенге өзгеріс енгізуді ұсынады. Ж.Жакупов жартылай предикативтіліктің шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемге қатысы жөніде мынадай пікір білдіреді: «Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңарының баяндауышы шартты райдан жасалған жағдайда, сол баяндауыштың өзі бастауыштың жағынан өзі белгі беріп, субъектіні анықтап тұрады, ал басқа тұлғадағы баяндауышты бағыныңқы сөйлем деп тану үшін арнайы субъект я бастауыш қажет болады. Мысалы: Мектеп алаңындағы жол жиегіне гүл егіп қойған екен. Көктеп өспейінше, ортаңғы есікті ашуға болмайды. Дәл осындай сипат бағыныңқысының баяндауышы шартты райдан жасалған сабақтас құрмалас сөйлемде де бар. Егерде бағыныңқы бөліктегі предикат есімше, көсемше, қимыл есімдерінен болып, олар басыңқы бөліктің бастауышына ортақтасып тұратын болса, бұндай сөйлем жартылай предикативті күрделенген жай сөйлем болып шығады. Ал тәуелді конструкцияның субъектісі сол сөйлем ішінде болмай, оны контекстегі басқа сөйлемнен табатын болсақ, бұл

сөйлем контекстік толымсыз сабақтас құрмалас болады. Бұл орамды сөйлеудің, ой ағымының көрінісі» [6].

Қазақ сөйлеу тіліндегі прагматикалық аспектінің негізін қалаған З.Ерназарова күрделенген жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдегі шарт мәнді сөйлемнің прагматикалық қызметін анықтады. Ғалым бірі бастауышқа құрылған күрделенген сөйлем мен әр компонентінде бастауышы бар құрмалас сөйлем түрінде келген екі сөйлемді салыстыра отырып, мынадай ой білдіреді: «Енді шын дос болсаң, осы хатты Ләйліге жеткіз (Ә.Тарази). Сыр беріп қойсаңыз, бұлар басынып алады (Т.Ахтанов). Шартты рай оралымды күрделенген сөйлемнің негізгі прагматикалық мақсаты бұйыру, әрекетке итермелеу. Ал толық предикативті компонент көз жеткізу, дәлелдеуіш қосыша мақсатында жұмсалады» [7].

З.Күзекова шартты функционалды-семантикалық өріс аясында қарастырып, «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын жазды. Автор А.В. Бондарконың функционалды-семантикалық өріс туралы болжамына сүйене отырып, пысықтауыш негізді өрістің қатарына кіретін шартты өз ішінде кондитивтік, ситуативтік шағын өрістеріне жіктейді. «Кондитивтік: Күн суыса, үйде отыр. Қатенің көптігінен жұмысты қайта істеуге тура келеді. Ситуативтік: Қараңғыда мен жақсы көрмеймін. Суықта май тоңады» [8].

Көсемше арқылы сабақтасатын сөйлемдерді зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған Б.Қапалбеков өз еңбегінде көсемшенің шарттылық мәнді де бере алатындығын айтады. «Болымсыз етістіктен кейін келетін көсемше тұлғалары (-май, -майынша) шартты бағыныңқы сөйлем жасауда мәндес келеді. Екі жұрнақтың арасында елеулі мағыналық айырма жоқ. Жұрнақтың ұзақ түрі арқылы жасалатын сабақтастарда шарттылық мән айқынырақ көрініп тұрады. Ал, қысқа түрінде шарттылық мағына анық, ашық байқалмайды» [9].

Тілді функционалды-сипаттау ұстанымдары негізінде зерттеген тың еңбектердің қатарына М.Төлеуптің «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі себеп-салдарлықтың функционалды аспектісі» деген кандидаттық диссертациясын алуға болады. Автор шарттылық пен себеп-салдарлық бір-бірімен астас келе алатындығын айта отырып, екеуін варианттық қатынаста қолдануға болатындығын көрсетеді.

«Шарт» ұғымын қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны етіп алып, шарт мәнді сөйлемдердің танымдық әрі коммуникативтік әлеуетін анықтау мақсатында жазылған А.К. Алтаеваның докторлық диссертациясының функционалды грамматикада алар орны ерекше. А.К. Алтаева шартты қатынастарды әр түрлі дәрежеде білдіруге бейім синтаксистік құрылымдардың қатарына құрмалас сөйлем қабаттары жатады, оның өзегі, доминанты болып сабақтас құрмалас сөйлемдер

есептелетіндігін айтады. «Шарт шағын өрісінің құрылымына келсек, бірінші қабатында шарт мағыналық типін жеткізуші құрылымдық құралдар орналасады. Бірінші қабатқа қарағанда, екінші қабат конституенттерінің категориялық мағынасы үшін құрылымдық ерекшеліктер маңызды емес. Екінші қабатты құрайтын – салалас сөйлемдер, жалғаулықсыз салаластар, жай сөйлемнің типтік түрлері. Үшінші, соңғы қабатты әр түрлі реңктер түрінде жұмсалатын категориалды емес құрылымдардан түзіледі» [10].

Осы зерттеулерге қарай отырып, қазақ тіл білімінде шартты рай басқа да райларға қарағанда тұрақты екенін көруге болады. Себебі, шартты рай төңірегінде пікір алалығы көп кездеспейді. Шартты райды етістіктің бір формасы ретінде зерттеулерде қарастырылғанымен, басқа да райлар секілді басты нысан ретінде алынбаған. Көп жағдайда шарт мәнді салалас құрмалас пен шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемде синтаксистің бір элементі есебінде қарастырылып жүр. Бұдан шарт ұғымының морфология, тарихи морфология, синтаксис тұрғысынан басты зерттеу нысаны ретінде алынбағанымен, біршама еңбектерде түрлі жағынан қарастырылып, зерттеліп жүргендігін көруімізге болады. Одан бөлек, шарттық қатынас тілді тек сипаттап, жүйелеумен ғана шектелмей, сөйлеу процесімен тікелей байланыста қарастыратын функционалды грамматика тұрғысынан да қарастырылуда. Бұл бағыттағы еңбектердің ішінде А. Алтаеваның шарттық қатынастың потенциалын анықтап, оның құрылымына талдау жасауы әлі де болса оны зерттеудің, тілдік, грамматикалық ерекшеліктерін анықтаудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. – Қызылорда, 1925. – 436 б.
- 2 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982. – 525 б.
- 3 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988. – 262 б.
- 4 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 5 Әмір Р.С. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 287 б.
- 6 Жакупов Ж.А. Қазақ тілі функционалды синтаксисі: ф. ғ.д. дис. – Алматы, 1999. – 255 б.
- 7 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: ф.ғ.д. дис. – Алматы, 2001. – 246 б.

8 Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: ф. ғ. д. дис. – Алматы, 2005. – 275 б.

9 Қапалбеков Б. Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері: ф. ғ.к. дис. – Алматы, 2000. – 25 б.

10 Алтаева А.К. Шарт мәнді сөйлемнің танымдық және коммуникативтік әлеуеті. – Алматы: Тұран университеті, 2014. – 299 б.

IRSTI 16.31.51

A.M. Shudabay¹

¹Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

THE EFFECTIVE WAYS OF MATERIAL DEVELOPMENT IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE IN MIXED-LEVEL CLASSES AT PRIVATE EDUCATIONAL CENTERS

Abstract. This article is dedicated to the problem of mixed level classes in the private Educational Centres of Dostyk and related to it loss in quality. In order to investigate the reasons of emerging of mixed level classes we started with a literature review, which revealed the three dimensions of the issue and then tried to suggest one of possible ways of solution. Taking a step further we made an attempt to propose a model of the coursebook designed especially for using in the mixed level classes of the Dostyk centres. The results of the one year period approbation were analyzed. Taking a thorough look into the issue we tried to suggest a decision based not only on a development of a coursebook, but also on a set of recommendations on dealing with the mixed level classes, such as two and three levels simultaneous work strategies and others.

Key words: mixed level classes, underachiever students, material development.

Аңдатпа. Бұл мақала «Достық» білім беру орталығындағы сыныптардың ағылшын тілі топтарының аралас деңгейлі болуы салдарынан оқыту үрдісі барысындағы сапаның төмендеуі мәселесіне арнайы оқулық дайындау арқылы шешім іздестіру тақырыбына арналады. Осы мақсатта оқушы топтарының ішінде түрлі деңгейлердің кездестірілуінің себептерін мен мәселенің шешілуі жолдарының талдауы жасалды. Сонымен қатар, арнайы дайындалатын кітаптың жобасы ұсынылып, бір оқу жылы ішінде қолданыста болған материалдың анықталған артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланды. Мақаланың басындағы кіріспеде мәселенің өзектілігі мен ауқымы жайлы мәліметтер ұсынылып, әрі қарайғы әдебиеттерді шолуында бұл тақырыпқа қатысты